

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 33 (944) 28 шілде, 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ӨНЕГЕЛІ ӘУЛЕТ – ӨРЕЛІ ҰРПАҚ

“Мерейлі отбасы” ұлттық байқауының облыстық кезеңі қорытындыланды. Оған аудандық және қалалық кезеңнен сүрінбей өткен 28 отбасы қатысты. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін “Мерейлі отбасы” ұлттық байқауы үш кезеңнен тұрады. Аудандық және қалалық кезең жеңімпаздары облыстық сынға жолдама алады. Ал облыстық кезеңде бағы жанған отбасы республикада өңір намысын қорғайды. Байқауға еңбекте, спортта, шығармашылықта жетістікке жеткен отбасылар қатысады. Бұл байқаудың мақсаты – отбасылық құндылықтарды дәріптеп, ұрпақ сабақтастығын қоғамға үлгі ету.

“Мерейлі отбасы” байқауына қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері бар, соның негізінде жеңімпаздар анықталады. “Ауылдықтар – Отанына сіңірген еңбегі”, “Көпқырлылық – шығармашылық, спорт”, “Балалар – Қазақстанның болашағы”, “Менің отбасым – менің бағытым”, “Ата сөзі – көпбалалы үй”, “Ұрпақ тәрбиесі” аталымдары бойынша 25 отбасы марапатқа ие болды. “Мерейлі отбасы – 2023” ұлттық байқауының облыстық кезеңінде жүлделі үшінші орынды Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның атынан қатысқан Жаңатұғановтар отбасы, екінші орынды Қызылжар ауданынан келген Бекболатовтар отбасы иеленді. Сайыстың жеңімпазы – Уәлиханов ауданының Кішкенекөл ауылынан келген Ескеновтер отбасы. Енді Ескеновтер отбасы сайыстың республикалық кезеңінде өңір намысын қорғайды. Байқау жеңімпаздарын облыс әкімінің орынбасары Сәтжан Абдалиев құттықтады: – Отбасындағы ынтымақ пен ырыс-береке – ата-бабадан қалыптасқан дәстүр. Отбасындағы құндылықтардан елдің азаматтары қалыптасады, – деген Сәтжан Әйтеңұлы белсенділік танытқан барлық отбасыға ризашылығын жеткізді. Абайдың “Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер, кезекпен бөлінер, баяғыдай көрінер”, – деген тұжырымының бүгінгі күн шарасына тікелей қатысы бар екендігі сөзсіз. Өр халықта отбасылық құндылықтар, ата-анаға деген құрмет, ұрпақ тәрбиесі мен сабақтастығы қашанда маңызды ұғымдар саналады. Байқауға жиналған қауым осы халық өнегесін тағы бір мәрте түсінгендей болды. Тағылымы мол шара өңірімізге танымал әншілер қатысқан концертке ұласып, жұртшылыққа мерекелік көңіл күй сыйлады.

Гүлгүл ҚУАТҚЫЗЫ, “Soltüstik Qazaqstan”.

* * *

2023 жылғы тамызда аудандық мәслихаттың төрағасымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау кестесі

№ р/с	Қабылдауы жүргізілетін тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні мен орны
1	Ерлан Сапарбекұлы Алымов, облыстық мәслихаттың депутаты, «Алабота ГСК» ЖШС-нің басшысы	3 тамыз «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
2	Бауыржан Иманбайұлы Тасмағанбетов, аудандық мәслихаттың депутаты, «Агрофирма Эксимна» ЖШС-нің директоры	2 тамыз Абай а/о әкімдігі
3	Төрехан Ермаханұлы Алмасбаев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тюлайн» ЖШС директорының орынбасары	4 тамыз Келдер а/о әкімдігі
4	Алмас Жолдасұлы Нұрахмет, аудандық мәслихаттың депутаты, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Тайынша аудандық филиалының директоры	7 тамыз «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
5	Динара Мәлікқызы Ресева, аудандық мәслихаттың депутаты, «Алабота орта мектебі» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	11 тамыз Амандық а/о әкімдігі
6	Айгүл Бағдатқызы Әбіраханманова, аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	15 тамыз Мироновка а/о әкімдігі
7	Николай Викторович Брайченко, аудандық мәслихаттың депутаты	15 тамыз Чкалов а/о әкімдігі
8	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы	17 тамыз «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
9	Людмила Николаевна Журавлева, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің директоры	21 тамыз Чермошнян а/о әкімдігі
10	Данил Викторович Долгалева, аудандық мәслихаттың депутаты, «Обуховский ГОК» ЖШС-нің директоры	23 тамыз Драгомиров а/о әкімдігі
11	Юрий Васильевич Красногоровый, аудандық мәслихаттың депутаты, «Зелёные Луга» ЖШС-нің директоры	25 тамыз Рошинск а/о әкімдігі
12	Гүлдана Серікқызы Көпірбаева, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасының учаскенік терапевт дәрігері	28 тамыз Донецк а/о әкімдігі
13	Анатолий Францевич Сарницкий, аудандық мәслихаттың депутаты, «Gck-Taynsha Astyk» ЖШС-нің директоры	31 тамыз Киров а/о әкімдігі

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат – 23 4 85, 23 0 72.

* * *

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА!

Құрметті Тайынша ауданының тұрғындары!

2023 жылғы 28 шілдеде сағат 16.00-де Тайынша ауданы прокуратурасының ғимаратында Солтүстік Қазақстан облысының прокуроры Қайрат Әлиханұлы Әбдіханов аудан тұрғындарының жеке қабылдауын өткізеді. Жеке қабылдауға алдын-ала жазылуға арналған телефондар 8(71536) 2-33-43, 8(71536) 2-15-51.

Тайынша ауданының прокуратурасы

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ЕЛ ІШІНДЕ



Аудандық мәслихат депутаттары мектептердің алдағы келе жатқан оқу жылы мен жылыту маусымына дайындығы бойынша 11 ауылдық округке кешенді тексеріс өткізді. Депутаттардың осы сапары мектептерге, ауылдық ауруханаларға және қазіргі уақытта жүргізіліп отырған жол құрылысы жобаларына дейін созылды. Депутаттар Теңдік, Подольск, Донецк, Краснокиевка, Қарағаш, Петровка, Чкалово, Амандық, Аймақ, Ильичевка және Алабота ауылдарының мектептерін, ауруханаларын және асфальт жолдарының сапасы мен жалпы жағдайларын көрді.

Теңдік ауылында депутаттар мектепте жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан айтарлықтай жақсы жұмыс қорытындысына куә болды. 79 бала оқитын мектепке осы жылы жаңа пештер орнатылып, терезелер ауыстырылды. Іргетасы мен қасбеті де нығайтылып, бүкіл ауылда асфальттың жаңа қабаты төселді. Жөндеу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. 20 тамызға дейін жоба толығымен аяқталады.

Сол сияқты, Подольск кентінде мектеп аяқталған ремонт арқасында алдағы оқу жылына толық дайын болды. Сонымен қатар ерекше назарға ие болған өткен дәуірдегі көне тұрмыстық заттар мен ауылшаруашылық құралдарын көрсететін кішігірім мұражай, студенттерге білім берудегі құнды көрнекілігі үшін депутаттардың мақтауына ие болды.

Алайда, Донецк ауылдық мектебінде жағдай ондай керемет емес. Мектеп үлкен кедергіге тап болды. Құрылыс проблемаларына байланысты күтпеген кідіріс жөндеу кестесін түзетуді қажет етті. Жобаны жүзеге асырудың соңғы мерзімі 10 қазанға дейін ұзартылды. Сәтсіздікке қарамастан, олар мердігерді жауапкершілікке тартуды және біркелкі ілгерілеу үшін қажетті түзетулерді қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

Краснокиевка ауылында депутаттар мектептің оқу жылына белсенді дайындалып жатқанын анықтады. Кезекті жазғы демалыстан кейін мектеп қызметкерлері мен жұмысшылар мектепте жылдағыдай жалпы жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Бірақ мектептің өзінің үлкен мәселесі туындапты. Ол жерде небәрі 39 бала оқиды екен және егерде, мектеп күтіп отырған төрт баласы бар отбасы ауылға көшпесе, мектептің жабылуы да қарастырылады екен.

Краснокиевка мен Қарағаш ауылдарының арасында жол құрылысы жалғасып, жүріп жатыр. Қысқа мерзімге қарамастан, олар тамыз айының соңына дейін асфальт-бетон жұмыстарының аяқталуын қамтамасыз етуге тырысуда.

Қарағаш ауылының орта мектебінде “Астық Стам” ЖШС-і қаржылай қолдауымен мектепте маңызды жөндеулер жүргізілді. Оқу орны жылыту маусымына жақсы дайындалған. Мектепте 106 бала оқитынын ескере отырып, депутаттар мектептің қолайлы оқу ортасын құру жөнінде атап өтті.

Ал, Петровка ауылының мектебінде осы уақытта жаңа жылыту қазандықтары сатып алынды. Оған қоса, толықтырылған жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, ауылда 5,7 шақырымдық асфальт төсеу жұмыстары жүріп жатыр, ол желтоқсан айында аяқталуы керек.

Депутаттар сонымен, қатар Чкаловодағы коррекциялық мектебі мен ауруханасын тексерді. Мектеп директорына бақылау камераларының санын көбейту жайлы кеңес берілді. Ал аурухана қалыпты түрде медициналық көмек көрсетуде. Ауруханада 30 төсектік күндізгі стационар, жедел жәрдем көлігі және алты дәрігер мен 26 медициналық қызметкерден тұратын штат жұмыс атқарады.

Амандық ауылында депутаттар өткен жылғы күрделі жөндеудің мектепке оң әсер әкелгенін көрді. Оқушылардың едәуір санының, жақсы жабдықталған шағын орталықтың және мектепке дейінгі мекеменің арқасында мектеп қолайлы білім беру ортасына айналғанын көруге болады.

Алайда, Аймақтың ауылдық мектебінде депутаттар инфрақұрылымның жеткіліксіздігі мен толып жатқан сыныптардан бастап, жылыту мен сумен жабдықтаудың жеткіліксіздігіне дейінгі өзекті мәселелерге тап болды. Бұл мәселелерді шешу, соның ішінде жаңа мектеп салу қажеттілігі пайда болды. Мектепте шағын орталық пен дайындық сыныптарында 13 бала және 1-10 сыныптарда 66 оқушы білім алуда.

Ильичевка ауылының мектебінде жаңа қазандықтардың уақтылы орнатылуын және басқа да қажетті жөндеу жұмыстарын, соның ішінде сумен жабдықтауға арналған жаңа қасбет пен құдықтың қазылуы жүргізіліп жатыр. Бұл мектепте 97 оқушы және 24 мектепке дейінгі даярлық тобында оқитын бала қолайлы жағдайда оқиды.

Соңында депутаттар Алабота ауылының орта мектебін тексерді. Мектеп жағдайы жақсы болып шықты.

Қорытындылай келе, аудандық мәслихат депутаттары өздерінің тексеріс сапары нәтижесінде үлкен жұмыс атқарды. Олар мектеп директорларының өнімділік рухын қолдап, аймақтың білім беру мекемелері мен инфрақұрылымының өсуі және жалпы дамуына ұжымдық міндеттеме алуға шабыттандырды.

Жаннұр БЕКТҰРҒАНОВА, тілші

ӘРБІР ДОЗА – УАҚЫТ МАҢЫЗДЫ

Әр елдің ұлттық жоспарлы иммундау күнтізбесі әр балаға қажет болған кезде вакциналар арқылы алдын алуға болатын ықтимал ауыр аурулардан қорғалатын-дай етіп жасалған.

Ұлттық жоспарлы иммундау күнтізбелері балалардың иммундық жүйесінің вакциналарға әр түрлі жастағы және әсіресе ауру қаупі жоғары болған кезде жауап беру ерекшеліктерін ескере отырып жасалған.

Вакциналар арқылы алдын алуға болатын аурулардың көпшілігі оңтайлы қорғанысқа қол жеткізу және қолдау үшін вакцинаның бірнеше дозасын қажет етеді. Екпе күнтізбесіндегі әрбір доза қорғанысты құруға немесе сақтауға арналған. Кез келген дозаны өткізіп жіберу немесе кешіктіру инфекция мен ауыр аурулардың қаупін арттырады.

АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ

Жеке қабылдауға келіп түскен өтініштер сот төрелігін іске асыру процесіне араласуға жол бермей, қабылдауды жүргізетін адамның құзыреті шегінде шешілуге тиіс. Сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жататын мәселелер бойынша жеке қабылдауға жүгінген кезде сот жүйесі және ҚР судьяларының мәртебесі туралы заңнама нормаларына түсініктеме беріледі.

Азаматтарды жеке қабылдауды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты адамдар судьялық әдеп нормаларының, мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы, Әкімшілік рәсімдер туралы, соттарда іс жүргізу туралы ведомстволық нормативтік актілердің талаптары мен осы Қағидалардың ережелерінің қатаң сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Жеке тұлғаларды, заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдауды ұйымдастыру келесідей жүргізіледі. Жеке тұлғаларды, заңды тұлғалар өкілдерін Жоғарғы Сотта, жергілікті және басқа соттарда жеке қабылдауды уәкілетті лауазымды адамдар тиісті соттың төрағасы бекітетін кестеге сәйкес жүргізеді. Соттарда азаматтарды жеке қабылдауды ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету олардың құзыретіне сәйкес Департаменттің құрылымдық және аумақтық бөлімшелеріне жүктеледі.

Мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған заңды тұлғалар өкілдерінің жеке қабылдау кестесі Қабылдау жүргізуші туралы деректерді, қабылдау күндері мен уақытын көрсете отырып, соттың ғимаратында, көруге болатын жерде орналас-тырылады, сондай-ақ тиісті соттың интернет-ресурсында жарияланады.

Жеке қабылдау күні мереке немесе демалыс күніне келетін жағдайда, жеке қабылдау өткізу күні, әдетте, одан кейінгі жұмыс күніне ауыстырылады.

Гүлдана ЕЛЕМЕСОВА,
Тайынша аудандық сотының бас маманы.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

СҚО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне экспорттық бақылау қызметкерлерінің автомобиль конструкциясы түріндегі қосалқы бөлшектерді шекара бекеті арқылы өткізуден бас тарту фактісі бойынша жеке кәсіпкер жүгінді.

СҚО МҚД лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттері іс жүзінде конструкция автокөлік құралы болып табылатындықтан және одан әрі тіркеу есебіне қойылуы мүмкін екендігіне түрткі болды.

СҚО полиция департаментінің жауабына сәйкес бұл конструкция автокөлік құралы болып табылмайды және есепке қоюға жатпайды.

Алайда, экспорттық бақылау қызметкерлері қозғалтқыш пен ілмек элементтері алынып тасталған жағдайда әкелінетін тауарды өткізуге келісетіндерін айтты, осылайша кәсіпкер үшін әкімшілік кедергі жасады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі аумақтық департаменті шұғыл түрде МҚД басшылығы мен кәсіпкердің қатысуымен диалог алаңын ұйымдастырды, онда шекаралық бекет арқылы автомобиль конструкциясы түріндегі қосалқы бөлшектерді өткізуден бас тартуға негіз жоқ екендігі анықталды.

Қазіргі уақытта өтініш иесі өзінің кәсіпкерлік қызметін кедергісіз жүзеге асырып жатыр. Сонымен қатар, СҚО МҚД бастамасы бойынша бекеттердегі жүйелі мәселелер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында экспорттық бақылау саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау басталды.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаменті.

ДДҰ-ның Еуропа аймағындағы көптеген балалар өз елдерінде ұсынылған екпе күнтізбелеріне сәйкес екпені алмайды.

COVID-19 пандемиясы басталғаннан бері ДДҰ Еуропа аймағында 1,2 миллионнан астам бала қызылшаға, паротитке және қызылшаға (ҚПҚ) қарсы вакцинацияны өткізіп алды.

Қызылша әсіресе жас балалар үшін қауіпті және ДДҰ-ның Еуропа аймағында жағдайлардың саны артып келеді.

Уақыт маңызды, сондықтан екпені уақтылы алыңыз және өткізіп алған дозаны мүмкіндігінше тезірек алған жөн.

Әрбір доза сізді және сіз жақсы көретін адамдарды қорғау үшін маңызды.

Галина Толстолужинская, «Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ бас маманы.

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА!

Тайынша ст. ЖПБ-нің қызмет көрсету аумағында 2023 жылдың 24-28 шілде аралығында «Қару» Жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Азаматтарға қару мен оқ-дәрілерді заңсыз сақтау Қылмыстық кодекстің 287-бабы бойынша (5 жылға дейін бас бостандығынан айыру) және ҚР ӘҚБтК-нің 482-бабы бойынша (25 АЕК мөлшерінде айыппұл) әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын ескертеді. Заңсыз сақталған қаруды оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды өз еркімен тапсырған азаматтар, егерде олардың әрекеттерінде басқа қылмыстар болмаса, қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктен босатылады. Осыған байланысты азаматтарды заңсыз сақталған қару-жарақ, оқ-дәрі, жарылғыш заттар мен арнайы құралдарды өз еркімен полицияға тапсыруға шақырамыз.

Б.Жакупбеков, полиция капитаны,
Тайынша ст. ЖПБ инспекторы.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті ХАБАРЛАЙДЫ

Құрметті респондент, енді "е-Статистика" жүйесін техникалық қолдау немесе дұрыс жұмыс істемеуі туралы сұрақтарды және статистикалық есептілік күнтізбесін қарау, ЭҚЖЖ бойынша іздеу жүргізу **Бюроның телеграм-боты** арқылы жолдауға болады. Ол үшін https://t.me/statgovkz_bot сілтемесі бойынша өту қажет (*ботты орнату жөніндегі толық нұсқаулық төменде берілген*).

Сауалда мәселені егжей-тегжейлі сипаттаудан басқа (*қандай әрекеттер жасалған кезде қате пайда болды, қай ресурсқа, қате коды*), өтінішті жан-жақты қарау үшін келесі деректерді көрсетіңіз: статистикалық нысан; есепті кезең; БСН/ЖСН;

Сондай-ақ, Сіз Бюроның 1446 бірыңғай call-орталығына жүгіне аласыз

Егер Сіз кәсіпкерлік қызметті жүргізбесеңіз және жүргізуін жалғастыруды жоспарламасаңыз, ЖШС/ЖК жабу туралы мәселелер бойынша кәсіпорынның тіркелген жері бойынша уәкілетті органға жүгінуді ұсынамыз.

Telegrambot{statgovkz_bot} пайдалану жөніндегі нұсқаулық Инструкция по использованию Telegrambot{statgovkz_bot}

Telegram-ботты Telegram қосымшасының әртүрлі нұсқаларында қолдануға болады: Дестоп нұсқасы - Windows, macOS және Linux операциялық жүйелері бар компьютерлерге орнатуға болады. Телеграмды үлкен экранда пайдалануға және чаттар мен функцияларға жылдам қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Веб-нұсқасы - орнатуды қажет етпейді, Google Chrome, Mozilla Firefox, Safari және басқалар сияқты көптеген заманауи веб-шолғыштарда қолжетімді. Қолданбаны орнатпай-ақ, Телеграмды кез келген құрылғыда жылдам ашқыңыз келсе ыңғайлы.

Мобилді нұсқа - мобилді еркіндік пен қолжетімділік береді, өйткені Сіз Телеграмды смартфонда немесе планшетте пайдалана аласыз. Android және iOS операциялық жүйелері бар құрылғыларға орнатуға қолжетімді.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

ӘМСҚ БАСШЫСЫ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТІ ТАЛҚЫЛАДЫ

Ақтөбе облысының медициналық ұйымдарының жалпы қарызы 4,7 млрд теңгені құрайды, оның басым бөлігі мемлекеттік емханалар мен ауруханаларға тиесілі. Кредиторлық берешекті пайда болу себептері мен оларды шешудің жолдары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқармасының төрағасы Сәбит Ахметовтің облысқа жұмыс сапары барысында қаралды.

Қор басшысы Ақтөбе облысында болып, медициналық ұйымдардың бас дәрігерлерімен, облыстық мәслихаттардың депутаттарымен кездесіп, проблемалық мәселелерді талқылады.

Сәбит Ахметов сөйлеген сөзінде бүгінгі таңда барлық өңірлер үшін ең өткір мәселе кредиторлық қарыз мәселесі болып отырғанын атап өтті. Еліміздегі медициналық ұйымдардың жалпы қарызы 87 млрд теңгеден асады, оның 4,7 млрд теңгесі Ақтөбе облысындағы 38 медициналық ұйымдікі. Бұл ретте негізгі борыштық жүктеме 16 мемлекеттік медициналық ұйымға тиесілі.

Олардың міндеттемелерін өтеуіне бірнеше факторлар кедергі келтіреді: медицина қызметкерлерінің жалақысының жыл сайынғы өсуіне (көптеген адамдардың жалақысы барлық шығындардың 80-90%-ын құрайды), коммуналдық қызметтерге және іс жүзінде ақша қалмаған басқа шығындарға бағаның өсуіне байланысты жалақы қорына түсетін үлкен жүктеме. ӘМСҚ басшысының айтуынша, көп дүниелер әлі де дұрыс басқаруға байланысты болмақ.

«Бас дәрігерлермен кездескен кезде мені ең алдымен сандар қызықтырады және оларды барлық басшылардың біле бермейтінін байқаймын. Өз бюджетін, дәрігерлер санын, кадр тапшылығын, қарызын білетіндер бар. Ал, экономикалық жағынан өз орынбасарларына қарап, бірде-бір сұраққа өзі жауап бере алмайтындар да бар. Егер бас дәрігер өз қаржы көлемін білмесе, ол жалпы жағдайды бақылай алмайды деп айта аламыз. Менің ойымша, бас дәрігер жағдайды бақылап, барлық бизнес-процестердің қыр-сырын біліп, проблемалардың шешімін таба алуы керек», – деп кездесу барысында Сәбит Ахметов өз пікірімен бөлісіп, бұл ретте кредиторлық берешек мәселелері Қордың құзыретіне кірмейтінін атап өтті.

Дегенмен, Қор мүмкіндігінше жеткізушілерге жағдайды түзетуге көмектесуге дайын. Мәселен, шілде айында Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне қосымша 59 млрд теңге бөлу туралы шешім қабылданды, оның 3,3 млрд Ақтөбе облысының медициналық ұйымдарына қарастырылған. Бүгінгі таңда қаражат филиалдарға жеткізілді, медициналық ұйымдар арасында одан әрі бөлу үшін конкурстық рәсімдер басталды.

Алайда, Сәбит Ахметов атап өткендей, тек Қор есебінен барлық кредиторлық берешекті жабу мүмкін емес. Ол медициналық ұйымдарды Қаржылық сауықтыру жоспарын әзірлеп, бекітуге, ал жергілікті атқарушы органдарды қосымша қаржыландыруға, соның ішінде коммуналдық төлемдерді жабуға көмектесуге шақырды.

«Естеріңізге сала кетейік, бұрын біз таза кіріс-шығыс сметасы бойынша жұмыс істегенбіз, яғни бөлінген қаржының көлеміне қарамастан халықты емдейтінбіз. Қазір төлем әрбір емделген жағдай үшін жүргізіледі. Бұл тәсіл жалпы қаржыландыру жағдайын жақсартты. МӘМС жүйесін енгізудің өтпелі кезеңін ескере отырып, мен медициналық қоғамдастықты түсіністікпен қарауға және проблемаларды бірге шешуге, өздерінің ішкі резервтерін іздеуге және пайдалануға шақырамын», – деді бас дәрігерлерге.

Қор өз тарапынан жыл сайынғы тарифтерді көтеру бағытында қосымша қайта қарауды көздеп отыр. Қор басшысының айтуынша, МӘМС – ке қатысты барлық тарифтерді бірден көтеру мүмкін емес, өйткені бәрі бюджет мүмкіндіктеріне және МӘМС түсімдеріне байланысты.

Бүгінгі таңда тарифтерді көтерудің басым бағыттары - жедел жәрдем және балалар нозологиясы. Сонымен қатар, скрининг мәселесі де қозғалды. Қазіргі уақытта 1-кезең ТМҚК шеңберінде жүргізіледі, ал 2-кезең МӘМС пакетімен қаржыландырылады. Тиісінше, сақтандырылмаған пациент екінші кезеңнен өте алмайды, бұл әлеуметтік маңызды ауруларды ерте анықтау және емдеу қағидасына қайшы келеді. Сәбит Ахметовтің айтуынша, пациенттердің сақтандыру жағдайына қарамастан тексеріліп, дереу ем алу үшін екінші кезеңді ТМҚК пакетіне көшіру мәселесі қарастырылуда. Кездесу барысында дәрігерлер қажетті екі отаның тек біреуі ғана төленетін кезде біріктірілген ақаулар бойынша оталарға ақы төлеудегі клиникалық хаттамалар мен тәсілдерді қарау қажеттілігі туралы айтты. Бұл мәселе бақылауға алынып, уәкілетті органмен бірлесіп пысықталатын болады, деп уәде берді Сәбит Ахметов. Дәрігерлер сонымен қатар бөлінген қаражаттың едәуір бөлігін алып отырған шамадан тыс пациенттерге көмек көрсетілетінін ескере отырып, қаржыландыру мәселесін қарастыруды сұрады. Ақтөбе облысына басқа өңірлердің тұрғындары бірегей жоғары технологиялық медициналық қызметтерді алу үшін келеді, медициналық ұйымдар одан бас тарта алмайды, өйткені пациент таңдау құқығына ие. Сонымен қатар, сызықтық шкала іске қосылатындықтан, жергілікті тұрғындарға әрдайым ақша жете бермейді. Сәбит Ахметов бұл мәселені зерттеуге уәде берді, бірақ сызықтық шкала жойылмайтынын атап өтті.

Айта кету керек, Қор басшысы Қазақстан өңірлеріне жұмыс сапарларын жасайды, сұрақтар қояды және жұмыс барысында оларды назарға алады. Ақтөбе облысы есеп бойынша жұмыс сапары жасалынған жетінші өңір болды. Бұған дейін Сәбит Ахметов Қостанай, Павлодар, Ақмола, Қарағанды, Абай, Шығыс Қазақстан облыстарындағы медициналық ұйымдардың қызметімен танысты. Алдағы күндері Қор басшысы Астана, Қызылорда, Түркістан және Жамбыл облыстарының, сондай-ақ Шымкент қаласының медициналық ұйымдарына барады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі

ТАРИФТІ ИНВЕСТИЦИЯҒА АЙЫРБАСТАУ


Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған “Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам” Жолдауында елімізде электр қуатымен қамтамасыз ететін желілердің үштен екісінің, жылу коммуникациясының 57 пайызының және су құбыры желісінің жартысына жуығының тозығы жеткенін, тарифтерді күшпен ұстап тұрудың ақыры соның бәрін кезекпен өшіруге және түрлі апатты жағдайлар туындауына әкеп соқтыратынын, желілер мен қуат көздерінің тозу деңгейін кемінде 15 пайызға азайтуды, меншік иесі инвестицияның айтарлықтай бөлігін тарифтің емес, өз қаржысының есебінен салу керектігін, монополиялы нарықтардың “Тарифті инвестицияға айырбастау” жаңа тариф саясатына көшу қажеттілігін айтты.

Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасының 66-тармағын орындау мақсатында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласына жаңа инвестициялар тарту үшін “Тарифті инвестицияға айырбастау” қағидатын енгізуге қатысты қазіргі уақытта бірқатар іс-шаралар, оның ішінде табиғи монополиялар саласындағы қолданыстағы заңнамалық актілерге өзгерістер енгізілді. Өңіріміздегі табиғи монополиялар субъектілерінде экономикалық қызмет түрлері бойынша қызметкерлердің орташа айлық жалақысын өзгерту, теңгерімге немесе мүлкті сенімгерлік басқаруға алу, сондай-ақ бекітілген инвестициялық бағдарламаны ұлғайту сияқты жұмыстар атқарылмақ. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысында Петропавл қаласы бойынша, жылумен жабдықтау желілерінің тозуы 72,2 пайызды құрады. Оның ішінде жылу электр орталығының жабдықтары 53,5 пайызға тозған. Ал сумен жабдықтау құрал-жабдықтарының тозуы 58 пайызды, су бұру 61,7 пайызды, электр желілері 81,7 пайызды құрап, мәселенің шешімді жолын тездетіп табуды талап етеді. Осы орайда департамент басшылығы табиғи монополиялық субъектілердің 2023 жылға арналған инвестициялық бағдарламалар мен 6 ТМС-нің тарифтеріне түзетулер енгізді, жалпы сомасы 1128 612,6 мың теңгені құрады. Өңіріміздегі ірі монополиялық субъектілердің биылғы жылға бағыттап отырған инвестициялық бағдарламаларына тоқталып өтейік. “СЕВКАЗЭНЕРГО” АҚ-ның 2023 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы 1418482,5 мыңнан 1939000,0 мың теңгеге дейін көтерілді. Субъект қызметкерлерінің жалақысын 1 шілдеден бастап 11,5 пайызға көтерді. Бұрынғы табыс 163261 теңге болса, енді ол көрсеткіш – 181968 теңге. Монополиялық субъектінің қызмет төлеміне 1 Гкал үшін қосымша құн салығынсыз 3344,51 теңге мөлшерінде тариф бекітіліп, өсім 306,73 теңгені (10,1 пайыз) құрап отыр. Кәсіпорын биыл №2 қазандық агрегатын жаңарту, №11 қазандық агрегатын күрделі жөндеу, №1 турбоагрегатты қайта жаңарту, №3 бу бойлерін ауыстыру жұмыстарын жүргізбек. “Петропавл жылу желілері” ЖШС-ның биылғы инвестициялық бағдарламасы 42067,0 мың теңгеге артып, жұмсалатын қаржы 663748,0 мың теңгені құрап отыр. Мұнда да 1-ші шілдеден бастап өндіріс еңбеккерлерінің жалақысы 38,6 пайызға көтеріліп, жұмысшылардың табысы 181968 теңге болды. Өндірістігі 1 Гкал үшін (ҚҚС-сыз) 2973,83 теңге мөлшерінде тариф бекітілді, яғни тариф 3,16 пайызға көтерілді. Тарифті инвестицияға айырбастау бағытында кәсіпорын биыл Сәтбаев, Ружейников көшесі бойындағы жылу магистральдары бөліктерін жөндеуді, №1 сорғы станциясын күрделі жөндеуден өткізуді жоспарлаған. “СК РЭК” АҚ-ның инвестициялық бағдарламасы 150000,0 мың теңгеге көбейтіліп, қаражат 1723504,0 мың теңгені құрады. Субъект өндірістік қызметкерлерінің еңбекақысын шілдеде 51,1 пайызға көтеріп, жалақы 181968 теңге болды. Тариф 1 кВт/сағ үшін 5,60 теңге (ҚҚС-сыз) мөлшерінде бекітілді, мұнда тарифтің өзгеруі 0,52 теңгені немесе бекітілген тарифтің 10,23 пайызын құрайды. Кәсіпорын биыл Мамлют ауданы Литейный, Есіл ауданы Покровка ауылында сыртқа тарату құрылғыларын қайта қалпына келтіру, облыстың қосалқы станцияларына сыртқы тарату құрылғыларын сатып алу, Жұмысшы кентінің қосалқы станциясының күштік трансформаторын, Николаевка – Троицк, Троицк – Қызылскер, Опытное – Рублевка әуе желілерін ауыстыру жоспарланған.

“Қызылжар су” ЖШС-ның инвестициялық бағдарлама сомасы 85563,0 мың теңгеге өсіріліп, 225147,0 мың теңгені құрады. Еңбеккерлер жалақысы 1 шілдеден бастап 28 пайызға көтеріліп, табыс 196146 теңгеге дейін жоғарылады. Магистральдық құбырлар және тарату желілері арқылы сумен жабдықтау қызметінің орташа тарифі 1 текше метр үшін 170,50 теңгені (ҚҚС-сыз) құрап, тариф 10,56 теңгеге өсті. Сарқынды суларды шығару және тазарту қызметінің орташа тарифі 1 текше метр үшін 165,96 теңге (ҚҚС-сыз). Кәсіпорын биыл 3013 метр су құбыры желілерін, 1986 метр кәріз желілерін жөндеуді жоспарлаған.

“Казводхоз” СҚФ 2023 жылға арналған инвестициялық бағдарламасын 464,89 мың теңгеге көбейтіп, жаңару үшін жұмсалатын қаржы 3071,090 мың теңгеге жетті. Жалақы 15 пайызға көтеріліп, 176111 теңгені құрады. Бір текше метр үшін 0,66 теңге (ҚҚС-сыз) тариф бекітілді, өсім 10 пайыз. Инвестицияға бағытталған қаржы Петропавл су электр кешені объектілерін диспетчерлік басқарудың автоматтандырылған жүйесін жаңғыртуға және сол автоматтандырылған жүйені техникалық қадағалауға қажетті құрал-жабдықтарды сатып алуға жұмсалады.

“Есіл су” филиалының биылғы жылға арналған инвестициялық бағдарламасының мөлшері 330000,25 мың теңгеге өсіп, түгел қаржы 829072,07 мың теңгені құрады. Өндірістік қызметкерлердің еңбекақысы 196146 теңге болды. Бір текше метр үшін қосымша құн салығынсыз 704,50 теңге мөлшерінде тариф бекітілді. Кәсіпорын биыл авариялық учаскені ауыстыру, РЭК ғимаратын салу (Булаев топтық су құбыры), энергетикалық жабдықтарды жаңғырту, арнайы мақсаттағы авто-мобильтрактор жабдықтарын сатып алу, Есіл өндірістік учаскесінің су тазарту қондырғысының сүзгілерін күрделі жөндеу, жабдықтарды сатып алу жұмыстарын жоспарлаған. Барлық жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижелері бойынша, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жабдықтар мен желілердің тозуын азайтуға, апаттарды азайтуға, ақпараттық жүйелерді енгізуге, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, сондай-ақ салалық және өндірістік ерекшеліктеріне байланысты шикізаттың, материалдардың, отынның, энергияның құнын төмендетуге, энергия тиімділігін арттыруға мүмкіндік туады. Бүгінде мемлекет тарапынан халыққа жан-жақты көмек көрсетілуде. Халықты әлеуметтік қолдау және отбасы бюджетіне қысымы жеңілдету шараларының бірі – атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегі болып табылады. Тұрғын үй көмегі – жеке тұрғын үй қорында жергілікті атқару-



шы орган жалдаған, не болмаса мемлекеттік тұрғын үй қорынан алынған немесе жеке меншігіндегі тұрғын үйді немесе оның бір бөлігін ұстауға кеткен шығындар арасындағы айырмашылықты өтеу үшін аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), осы мақсаттар үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген жұмсалатын шығыстарының шекті рұқсат етілген деңгейі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті облыстық департаменттің басты міндеттері – табиғи монополиялық субъектілердің халыққа қызмет көрсету жұмыстарын қадағалау, бағалау, реттеу. Мемлекеттік мекеме 46 табиғи монополия субъектісінің 59 қызмет түрін реттеп отырады. Оның ішінде су және кәріз жүйесі саласында – 32 қызмет, электр энергетикасы саласында – 2 қызмет, жылумен жабдықтау саласында – 15 қызмет, кірме жолдар саласында 10 қызмет мекеменің қадағалауында. Оның ішіндегі жеті монополиялық субъект бесжылдық ұзақмерзімді тарифтер бойынша жұмыс істейді, қалғандары қуаттылығы төмен субъектілер болып табылады. Сонымен қатар департаменттің құзырында үш қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің қызмет көрсету бағаларын мемлекеттік реттеу және бағаның сақталуын қадағалау да бар. Олар электр энергиясын бөлшек саудада сатумен айналысатын “Севказэнергосбыт” пен “Солтүстік Энерго Орталығы” және сұйытылған мұнай газын топтық резервуарлы қондырғылар арқылы бөлшек саудаға шығаратын “Горгаз сервис” жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында департамент табиғи монополия субъектілері мен қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің 84 өтінішін қарады. Олар – бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту, инвестициялық бағдарламаны бекіту, шекті бағаны көтеру, сараланған тарифтер деңгейін үйлестіру, жоғары деңгейдегі тарифті қайта қарау сияқты өтініштер. Бүгінгі таңда департамент 2022 жыл бойынша тарифтік сметаны орындауы туралы – 69, бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындауы туралы 7 есепті қарап жатыр. Өткен жылдың тарифтік сметалары мен инвестициялық бағдарламалардың орындауы туралы есептер “Монополист базасы” веб-порталына жалпыға қолжетімді етіп орналастырылған. Биылғы жыл басынан бері департамент 25 азаматтық және әкімшілік сот отырыстарына қатысты. Олардың ішінде департамент пайдасына шешілгені де, шешілмегені де, ішінара қанағаттандырылғаны да, шарттар бойынша бітімгершілік келісім жасалғаны да, ТМС өтініші бойынша талаптары кейін қайтарылғаны да бар. Сонымен қатар департаменттің уәкілетті тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктерге сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғайды және қарайды. Үстіміздегі жылы “СевКазЭнерго” акционерлік қоғамы 2018 және 2020 жылдардағы инвестициялық бағдарламаны орындамағаны үшін жалпы сомасы 5520000 теңге әкімшілік айыппұл, сатып алу тәртібін сақтамағаны үшін 4900800 теңге сомасында әкімшілік айыппұл түріндегі әкімшілік жазаға тартылды. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету бойынша міндеттемені орындамағаны үшін “Алпаш” ЖШС 588892 теңге әкімшілік айыппұлға ілікті.

Департамент жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша да жұмыстар жүргізеді. Жыл басынан бері 110 өтініш түссе, соның 60-ы арыз, бір-бірден шағым мен ұсыныс, 30 өтініш пен хабарлама, 18 көшірме. Бұдан басқа жылу энергиясы үшін төлеммен келіспейтіндігі туралы көптеп тұрғын үйде орналасқан тұрғын емес үй-жайлардың жылу энергиясын тұтынатын тұтынушылар да департаментке жүгінді. Аталған өтініштерді талдау кезінде заңдылықтар анықталды. Департамент “Севказэнергосбыт” ЖШС-ның әрекетін заңсыз деп танып, Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап-арыз берді. Сот монополиялық субъектінің 1250 тұтынушыға көрсеткен қызметі үшін есептеген 96 млн. 232 мың теңге артық төлемді қайта есептеуге міндеттеді.

2023 жылы жылумен, электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау және сарқынды суларды бұру саласындағы проблемалық мәселелер бойынша 6 қоғамдық қабылдау өткізілді. Қоғамдық қабылдауға тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы айналысындағы мәселені шешу үшін және өз құқықтары жайлы түсініктеме алу үшін тұтынушылар хабарласты. Тарифтердің жоғары немесе олардың шекті деңгейлерін талқылау үшін 19 қоғамдық тыңдау өткізілді. Тарифтік саясат кеңесі жанындағы Табиғи монополиялар салаларындағы тарифтерді белгілеу жөніндегі өңірлік комиссияның 12 отырысы өтіп, онда тарифтер мен инвестициялық бағдарламаларды өзгертуге берген өтініштер қаралды. Өңірлік комиссияның құрамына депутаттар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, тұтынушылар кіреді.

Дамир ТОҚТАМЫСОВ,
Табиғи монополияларды реттеу комитеті облыстық департаментінің басшысы.

ТІЛДЕН КЕЛЕТІН КЕСАПАТ

Тілден келер күнәнің бірі – ғайбат. Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде ғайбаттың қаншалықты жиіркенішті екені жайында дәлелдер жеткілікті. Алла Тағала ғайбат айтушы адамды Құранда өлексенің етін жеген адамның бейнесінде сипаттайды:

“Бір-біріңді аңдымаңдар және бір-біріңді ғайбаттамаңдар! Қайсыбірің болмасын, өлген бауырының етін жегенін ұната ма? Әнеки бірден жиіркендіңдер. Ендеше Алладан қорқыңдар! Шүбәсіз, Алла Тәууаб (құлдарының шынайы тәубесін қабыл етуші), Рахим (тәубеге келіп, өзіне бет алған құлдарына ерекше мейірімді)”, – деді.

Пайғамбарымыз (Алланың салауаты мен сәлемі болсын), мұбарак хадисінде: “Бір мұсылманның екінші мұсылман үшін қаны, малы, ары харам болды” десе, екінші бір хадисінде: “ғайбаттан аулақ болыңдар, шынында ғайбат зинадан ауырырақ, егер зина жасаған адам шынайы тәубе етсе, Алла тәубесін қабыл етеді, ал ғайбат болса, ғайбат қылған адам кешірмейінше Алла оны кешірмейді”, – деді. Енді бір хадисте: “Исра түні жезден болған тырнақтарымен беттерін, кеуделерін тілгілеп жатқан қауымды көрдім. Жебірейілден бұлар кімдер деп сұрағанымда: Олар адамдардың арасында ғайбат айтып, ар-абыройларына қол сұққан адамдар”, – деді.

Осы орайда айта кететін жайт, адам баласы ғайбатты тек тілімен ғана емес, сонымен қатар ишарат, ым әрекетпен де жасайды. Айша анамыздан жеткен хадисте: “Бірде бізге бір әйел кірді, пайғамбарымызға қолыммен оның қысқа екенін меңзедім, Пайғамбарымыз (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұл әрекетімнің ғайбат екенін айтты”. Адамның сыртынан анығына жетпей, тон пішу – ол үшін жасаған қиянат болмақ. Мысалы, кешкі уақытта көршінің қызын бір ер адам үйіне жеткізіп тастаса, ол ер адамның кім екенін анықтамай жатып, көршінің қызы жайында жаман пікірлер айтса, ол нағыз зұлымдық, әрі ғайбат болады. Өйткені, ол ер адам оның ағасы, нағашысы және тағы басқа жақын туысы болуы мүмкін. Ғайбатқа итермелейтін бірнеше себеп бар. Мәселен, ғайбат айту арқылы жүрегінде ауруы бар адамдар ашуын сейілтеді. Сондай-ақ бір топтың арасында бір адамды әңгіме етіп, ғайбатталған кезде, ғайбатты тоқтатудың орнына, қосылып жамандау. Серігінің қылмысына ортақ болмау. Бір қылмыс жасалған кезде ол қылмыстың ауылын өзінен алыс ету үшін аталған азаматтың артынан ғайбат айтуға мәжбүр болады. Өзін жоғары көрсетіп, бәсекелесінің қадірін өзгелердің алдында түсіру үшін артынан ғайбат айтады. Бір адамның байығанын, білімі, атақ-абыройы артқанын көре алмай, іштарлықтан шығатын ғайбат. Біреуді күлдіру үшін екінші бір адамның айыбын ашу. Ғайбаттан емделіп, түзу жолға түсудің де жолдары бар. Жоғарыдағы Құран аяттары мен хадистерді зерделей отырып, Алланың ғайбат айтушыға әзірлеген ауыр азабын ескерген жөн. Жасалып жатқан ізгі амалдардың ешбірі пайда бермейтінін түсіну. Шариғатта адамның сыртынан әңгіме айтуға кейде рұқсат етіледі. Егер зұлымдыққа ұшарайған жағдайда қазыға шағымдана, болған жайтты айтуға болады. Пайғамбарымыз (Алланың салауаты мен сәлемі болсын): “Хақ иесінің уәжі бар”, – деген. Егер бір адаммен бірігіп жұмыс жасауды ниет еткен адам оны жақсы танып, екінші адамнан қандай жан екенін білу үшін сұрағанда сенімді немесе сенімсіз екенін айтса ғайбат болмайды. Адамның күнәсі мен әрекетін айтып, пәтуа сұраса да айтуға болады.

Тіл кесапатының тағы бір түрі – өсек айту. Адам үшін өсек айтпау – өте қиын мәселе. Сол үшін тілдің негізгі кесапаттарының бірі. Кейбір адамдар өсек айтпаса тұра алмайды. Бұл жайт әйел қауымына ғана қатысты емес, еркек те өсек айтуға ерекше құмар. Бірде данышпан Сократқа оның танысы келіп: – Сократ, сенің шәкірттеріңнің бірі жайында не естіп келе жатқанымызды білесің бе? – деп сұрапты. –Тоқта, – депті Сократ. – Әңгімеңді жалғастырмас бұрын, саған үш сұрақ қойғым келіп тұр. Бірінші сұрақ, маған айтқалы тұрған нәрсеңнің шындық екеніне көзің жетті ме? – Жоқ, – деп жауап беріпті танысы. – Мен тек естідім... –Екінші сұрақ, оқушым туралы айтқалы тұрғаның жақсы нәрсе ме? – Жоқ, керісінше... – Жақсы... Үшінші сұрақ, оқушым туралы айтпағың маған әлдебір пайда әкеле ме? – Жоқ, олай емес... – Ендеше, сенің айтқың келген сөзің ақиқатқа жанаспайтын, нашар, пайдасыз әңгімең айтуға тұрарлық па өзі? – дейді. Сократтың танысы ұялғанынан үндемей қалыпты.

Өсек – қоғамды әлсіретіп, құрдымға кетіруші аса қауіпті аурудың бірі. Өсек айтушы адам – шайтанның құралы. Алла Тағала Құран Кәрімде: “Шүбәсіз, шайтан арақ-шарап (адамды мас қылып ақылынан адастыратын нәрселер) һәм құмар ойындар арқылы араларыңа дұшпандық пен өшпенділік отын жағуды, сендерді Алланы еске алудан һәм намаздан қақпалауды (тыюды) ғана көк- (Жалғасы 4-бетте)

(Жалғасы. Басы 3-бетте) сейді. Ендеше, бұлардан тыйылдыңдар ғой, солай емес пе?» – деді.

Пайғамбарымыз (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мұбарак хадисінде: “Аллаға және қиямет күніне иман келтірген адам тек жақсы нәрсе айтсын немесе үндемей-ақ қойсын”, – деді.

Хадисте бізге тек жақсы нәрсені ғана айтуды бұйырады. Бір сөзді айтпас бұрын оның қаншалықты маңызды екеніне мән беруіміз керек. Имам Шафиғи: “Сөйлемес бұрын ойланғаның абзал, егер сөзіңнен пайда болса, айт. Ал егер күмәнді болса, күмән сейілгенге дейін айтушы болма”, – деген. Өсек – бір адамның сөзін екінші бір адамға жеткізу. Аталған сөз не хабар екі тараптың біреуі қаламаған хабар болуы тиіс. Алайда ол әңгіме пайда, ғибрат, өнеге болса, өсекке саналмайды. Егер жеткізген мәлімет біреудің айыбын ашатын болса, онда бұл ғайбатқа да, өсекке де жатады.

Пайғамбарымыз (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мұбарак хадисінде: “Кімде-кім жеккөрінішті іс көрсе, оны қолымен өзгертсін. Егер шамасы келмесе, онда тілімен. Ал бұған да шамасы келмесе, онда жүрегімен өзгертсін, алайда бұл иманның әлсіздігінің белгісі”, – деп айтқан. Өсекші адамның жәннатқа кірмейтіні жайында Пайғамбарымыз (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) “Өсекші жәннатқа кірмейді”, – деген. Алла Тағала Құран Кәрімде: “Ендеше мыналардың ешбірінің ырқына бағынба: ант бергіш қадірсіздің, өзгелерді кемсітіп, арнамысқа тиетіннің, сөз тасығыш өсекшінің”, – деді. Өсек тасып, адамдар арасына от салу – қабір азабына душар ететін үлкен күнәнің бірі. Бірде Пайғамбарымыз (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) екі қабірдің қасынан өтіп бара жатып: “Расында, (мына) екеуі азапталып жатыр. (Бірақ) үлкен нәрсе үшін азапталып жатқан жоқ. (Бұл екеуінің) бірі – адамдар арасында өсек таратып жүретін, ал екіншісі – зәрінен тазаланбайтын (дәрет алмайтын)”, – депті. Өсекші адам әртүрлі бейнеге ене алатын хамелеон секілді бір адаммен бір қалыпқа енсе, екінші бір адаммен басқа қалыпта сөйлеседі. Пайғамбарымыз (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде:

“Қиямет күні Алла тарапында жеккөрінішті адам – ол екі жүзді адам, біреулерге бір жүзімен келсе, енді біреулерге екінші жүзімен келеді”, – деген екен. Өсектің орын алу себептері – оның үлкен күнә екендігі жайында хабарсыз болу, жүректегі қызғаныш, көреалмаушылық, онымен сұхбаттас болған адамдарды таңғалдыру, қызықтыру, өзгелердің сырынан хабардар екенін көрсету арқылы басқалардан өзін жоғары қою. Өсектің алдын алу жайында Алла Тағала: “Уа, иман келтіргендер! Егер сендерге әлдебір күнәар адам қандай да бір хабар жеткізсе, оның анық қанығын анықтап біліп алыңдар. Әйтпесе білместікпен әлдебір қауымның обалына қалып, артынан істеген істеріңе өкініп жүресіңдер”, – деген.

Хамзат ӘДІЛБЕКОВ, Қызылжар” орталық мешітінің бас имамы.

ҰЛЫМ ДУЛАТЫМДЫ ЕСКЕ АЛУ

*Тұңғышым еді менің ұлым Дулатым,
Саз-саз басып аяғынан тұратын,
Ата-ана деген алғаш сөзін естіп біз,
Қуанғаннан бақыт тілеп тұратын.*

*Жасыңнан пысық болдың Дулатым,
Білім қуып Алматыда тұратын,
10 жылдықты бітіргенде қуандық,
Ер азамат, ел адамы бол деп тіледік.*

*Талабыңмен жоғарғы оқуға түсіп ең,
Білім қуып көп қағазға үңілдің,
7 жыл оқып институтты бітіріп ең,
Диплом алып, үйге қарай ұшып ең.*

*Талай-талай жолға қарап біз,
Алматыдан келіп қалар баламыз,
Деп күндерді санап қана жүргенде,
Не күтіп тұрды алдымызда білемпіз.*

*Қайғылы хабар естігенде құладым,
Бір Алладан өтінішпен сұрадым,
Мен артында қалып өмір сүргенше,
Неге мені, мені бірге алмадың?*

*Сегіз шақырым жерден Алла жеткізбедің,
Көп тілегі көл болып судан неге өткізбедің,
Жаралы жүрек жүргенше біз жүгерміз,
Тағдыр, шіркін бізді арманымызға жеткізбеді*

*О, өмір маған деген қатал ма едің,
Қойнына қара жердің жатар ма едің,
Сарғая екен, сағынып анаң күткенде
Қаһарлы күнді, қайтарып алар ма едің?*

*Тірі болсаң, жан балам, ортамызда жүрер едің,
Қалай ғана қайғырмасқа, ойламасқа?!
Той тойлап, немере сүйіп, жатар едік,
Осылай болған соң не амал бар жұмыр басқа.*

*Сыртынан қарап жүрем көргенде
Ерік, Берік, Қосамандай ерлерге,
Санау күндер мектептегі бір жүрген,
Жолдастарың еді ғой деп келгенде.*

*Мырзабек сенің қимас жолдасың,
Бауырдай болған Шолпан сырласың,
Көргенде осы достарыңды көзіммен,
Жыламай, шыдап қалай тұрамын?*

*Қайғымды бірге меніменен көтерген,
Жолдастарың сенің қанатың,
Қосағымен отбасында қартайыл,
Жолы ашық болсын достарыңның баратын.*

*Астанада досың еді ғой Бауыржан,
Жас күнінде асыр салып ойнаған,
Жүрегім бірге деуші еді ау,
Бір өзіңнен айырылған.*

*Артыңда қалды асыл інің Думаның,
Бұл өмірде ізіңді сенің қуғаның,
Бір Алла соған енді бақ берсін,
Орындалсын ойлаған оның арманы.*

*Алуа, немерелерім, қылығы тәтті Тұмарым,
Қанша сүйсем де, қанбайды менің құмарым.
Жүрекке басып асыл немерелерімді,
Жүргенде мен де көзімді жұмармын....*

*Жатқан жерің жайлы болсын құлыным,
О, дүниенің саған берсін жарығын,
Иманды бол, мен барғанда қарсы алып,
Жайлы жат деп, бет сипаймын мен бүгін.*

Анасы - Әсия Сыздыққызы, Теңдік ауылы

ИМАНДЫЛЫҚ ІЛІМІ – ТӘРБИЕНІҢ ТҰНЫҒЫ

Kazislam.kz порталында жарияланған. Қазіргі қоғамда адамдар бойындағы имандылық бір-біріне деген сыйластық, жастардың үлкендерге деген құрмет көрсетуі мен үлкендердің кішіге ізет көрсетуі және әдептілік пен арлылық қасиеттерден көрініс береді. Дін – халықты имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеп келе жатқан үлкен өркениет. Біз бұрынғы жетпіс жыл бойы қандай жағдайда өмір сүрдік. Діннен, адамның ең қажет нәрсесінен өзімізді айырып тастағандай күйге ұшырадық. Кеңес дәуіріндегі саясаттың әсері десек те, жүрегінде иманы бар адам діни таным, сенімін сақтап қалды. Оны ата-аналарымыздан, кейбір қариялардан көрдік те. Осы тұрғыдан жаңаша тәрбиені қолға алу – өте маңызды және қажетті шаруа. Алаш арысы Жүсіпбек Аймауытов 1926 жылы шыққан «Тәрбие» деген мақаласында «Рұм халқын мықты қылған – тәрбие, Ескендір хакімді данышпан қылған – Сократтың тәрбиесі, Нейронды залым қылған да – Аристотельдің қате тәрбиесі» дегендей, Исламда отбасы құрудағы негізгі мақсаттардың бірі – өмірге ұрпақ әкелу, иманды ізгі ұрпақ тәрбиелеу. Әрбір жеке тұлғаның бойында адамгершілік, парасаттылық, әдептілікті дарыту ата-бабамыздың негізі міндеті болған. Хадисте бұл тұрғысында «Балаға әкенің берер ең жақсы сыйы – ол тәрбие» дейді. Балаға көңіл аудару, өскенде жаны ізгілікке толы мұсылман, қоғамға пайдалы азамат етіп қалыптастыру – үлкен сауапты істің бірі. Әкенің бала алдындағы жауапкершілігі мен жақсы тәрбие беруі міндетті. Сондықтан пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) ата-аналарға: «Балаға бір мәрте көңіл бөліп, тәрбие беру бір сағ көлемінде садақа бергеннен де жақсы», «Кімде-кім жылаған баланы жұбатса, Алла тағала жәннатта оған қалағанынша сый-сияпат береді», – деп, балаға көңіл бөлудің сауап жағынан да артықшылығын ұқтырған. Шығыс халықтарында айтылатын «Бала қымбат болса, баланың тәрбиесі одан да қымбат» деген нақыл сөздің мәні терең. Сөз жоқ, ұрпақ тәрбиесіне, ұлттың келешегіне ата-ана жауапты. Сондай-ақ баланың тар ойлы, жетесіз болып өсуіне, парықсыз қылық танытуына тәрбиешіні кінәлау тегін емес. Тіпті «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген Иран елінің мәтелі де осыдан туған. Сол себепті ұрпағының өзінен оза тұғанын қалаған халқымыз бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Бірақ өкініштісі, соңғы жылдары қазақ қоғамында да ұлттық тәрбие жүйесі қағажу көріп, тәрбиелік ырғағы бұзылып, бала тәрбиесінің тым нашарлап кеткені белгілі. Оған есірткі мен құмар ойындар, ішкілік, мектеп оқушылары арасындағы электронды темекіге әуестік, жасөспірімдер арасындағы бұзақылықтар мен қылмыстың өршіп кетуі дәлел. Оған себептер де аз емес. Көбіне үй ішіндегі күйбең тіршіліктен шешенің қолының босамауы, жұмысбастылықтан әкенің уақыт таппауы т.б. Қазіргі уақытта теледидарлардағы кино мен мультфильмдердің көбі атыс-шабыс, төбелес, қирату, ұру, сындыру, күш көрсетуге негізделгендіктен бұл да себеп болады. Осы орайда, тәрбие кең көлемдігімен, тым ерте қолға алынуымен ерекшеленеді. Онда баланы жастайынан имандылыққа тәрбиелеу, үлкендерді құрметтеу, ысырапқа бармау, бұзақылық жасамау, өтірік пен ұрлықтан аулақ жүру секілді адамгершілік қасиеттермен қоса жас кезінен мәдениеттілікке, әдептілікке, дұрыс сөйлеуге баулу. Дене тәрбиесі, дұрыс киіну, дұрыс тамақтану, тазалық – бәрі қамтылған. Қыл үстіндегі бала тағдыры 24.07.2023 Ұйқы безінің ұйқыға қатысы бар ма? 24.07.2023 Тәрбиелі ұрпақ – ата-ананың мақтанышы, елдің ертеңі болмақ. Кез келген халықтың болашағы, оның өміршеңдігі рухани қайнардан сусындаған, ұлттық рухы кемел, жақсы тәрбиеленген ұрпақтың қолында. Егер ұлт өз болашағын аманат етіп тапсыратын текті, саналы ұрпақ өсіре алмаса, оның келешегі бұлыңғыр болмақ. Ендеше, әрбір ата-ана бала тәрбиесіне көп көңіл бөліп, оның бос уақытын тиімді ұйымдастыра отырып, сапалы білім мен саналы тәрбие берген жағдайда елін, жерін сүйетін, болашақ елдің ұрпағы қалыптасады.

Kazislam.kz порталы.

САТАМЫН:

Петровка ауылында үй және дүкен жер учаскесімен бірге сатылады.
Тел. 87775115288

ҚАЗАҚЫ ТӘРБИЕ – НАҒЫЗ МҰСЫЛМАНДЫҚ ТӘРБИЕ

Қазақы тәрбие – нағыз мұсылмандық тәрбиенің ең жарқын мысалы. Қазақы тәрбие алған мен орысша оқып, өзінің ділінен, тілінен жырақтаған жанды салыстырып қарасаң, қазақы тәрбие алып, ауылда өскен баланың бойында ұлттық әдептің, мәдениеттің нышанын көріп қуанасыз. Көбіне ондай ізгі сипаттарды басқа мәдениетпен сусындап өскен жастан көре алмайсыз.

Қазақы адамға тән қасиеттер, ол: момындық, ұяттылық, ибалылық, кісінің хағын жемеу, бос сөйлемей, аз сөзділік, қанағатшылдық, үлкенге құрмет, кішіге ізет, ата-ананың хағын беру тағы басқа. Қоғамдық көлікте орын беретін де көбінше қазақы тәрбие көрген жастар. Сондықтан да үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін қазақы тәрбиенің өзінің негізі мұсылманшылықта жатқандығын аңғаруға болады.

Қазақы тәрбиенің бір белгісі – үлкендерден бата алу. Қадірлі адамдардың батасын алу – үлкен абырой. Қазақ халқы арасында кең таралған «пәленшеден бата алған» деген сөз – осының айғағы.

Мәселен, М.Әуезовтың «Абай жолындағы» Құнанбайдың баласы Абай үшін Ахмет Риза хазіреттен бата сұратқанын айтуға болады. Бұл игі дәстүрдің түп-негізі мұсылманшылықта жатыр. Сахабалары Пайғамбардың (с.а.с.) ізгі тлегін алуға тырысқан. Сондай-ақ, Имам Ағзам да жасында Әлидің (р.а.) батасына алған. Әбу Ханифаның атасы Зұта ардақты сахаба Әлимен (р.а.) кездеседі. Сонда баласы Сәбитке игі тілек тілеуін өтінеді. Әли ибн Әбу Талиб (р.а.) Жаратқаннан оның ұлына жақсылық, құт-береке тілеп дұға етеді. Сол дуалы сөзден шыққан ізгі тілектер қабыл алынып, Сәбиттен әлемге Әбу Ханифа атымен мәшһүр болған Нұғман есімді ұл дүниеге келеді. Бұл да болса «жақсыдан – шарапат» деген сөздің дәлелі болса керек.

Уа, жамағат! Бала тәрбиесі туралы шариғатымыздың басты талаптары осындай. Алла Тағала ата-аналарының көзайымы болатын иманды ұрпақ тәрбиелеп өсіруге жазсын! Сол арқылы Өзінің разылығына жеткізей. Әмин!

**Сәбит ИБАДУЛЛАЕВ,
Ғұламалар кеңесінің мүшесі**

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: . Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.